

№28 « Ақбота » бөбекжай-балабақшасы

*Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті:
Мүсіндеу.
Тақырыбы: «Доп»*

Тәрбиеші: Утаралиева Нұргүл

2023-2024 оқу жылы

Балалардың шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Мүсіндеу

Тақырыбы: «Доп»

Мақсаты: Жеке ерекшеліктерін ескере отырып, шығармашылық дағдыларын дамыту. балалардың қалауы бойынша (қамырды, ермексазды, күмді) ұтаңдауға мүмкіндік беру. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеуге дағдыландыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды безендіру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты боуға баулу.

Әдіс тәсілдер: түсіндіру, көрсету, сұрақ жауап, ойын.

Көрнекілігі: Әр түрлі үлкен-кіші доптар

Қолданылатын құралдар : әр балаға ермексаз, тұзды қамыр, тақтайша, қол сүрткіштер

Оқу іс-әрекетінің барысы ;

1. Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу

Тәрбиеші : Балалар көңіл күйлерің қалай ?

Доптар әртүрлі болады, допты жерге ұрсаң ұшады. Үлкен, кіші, ауыр, жеңіл доптар болады.

Балалар доптардың түрлері өте көп. Атап айтатын болсақ футбол, баскетбол, волейбол доптары болады. Футбол добымен футбол ойынын ойнайды. Балалар доптар резеңкеден және пластмассадан, жұмсақ теріден жасалады. Допты насоспен үрлейді. Доп жеңіл болады. Тепкен кезде ол биікке ұшады. Себебі доптың ішінде ауа болады. Ал балалар осыны мен сендерге тәжірибе арқылы көрсетемін.

Тәжірибе .

Үлкендеу табақшаға су құйып, оған доптарды салу арқылы доптардың жеңіл екенін балаларға көрсетіп, түсіндіру.

Балалар доптар жеңіл ме ауыр ма, және суға бата ма екенін біліп көру үшін қазір біз сендермен тәжірибе жасаймыз: допты суға салайық.

-Қане, қарандаршы доп суға бата ма, жоқ па?

-Батпайды екен.

- Қалай ойлайсыңдар неге, батпайды?

- Ішіне ауа толтырылған

-Балалар қараңдаршы доп су бетінде жеңілме әлде ауырма?

-Жеңіл .

Сондықтан ол ұрсаң секіреді, теңсең қашады.

Қане, кім доп туралы тақпақ біледі?

Балалар сендер доппен ойнағанды жақсы көресіңдерме?

Олай болса ең алдымен топтың ішінде доппен қалай ойнау керек екендігі туралы ережені есімізге сақтайық .

Ойын: Кеглиді көзде

Мақсат-міндеттері: Балаларды мергендікке, ептілікке, белгілі бір бағытты көздей білуге үйрету. Балалар екі қатарға бөлініп тұрады, тізілген кеглиларды қолдарындағы доппен көздеп құлату керек. Әрбір бала өзінің неше кегли құлатқанын есінде сақтап отырады. Допты оң қолымен , сол қолымен де домалатуға болады.

-Жарайсыңдар, балалар.

-Балалар топта доптың көп болғанын қалайсыңдар ма?

Ендеше, балалар өзіміз доп жасап алайық.

- Біз енді өзімізге ұнаған допты жасау үшін , Қақпа алдындағы доптарды таңдау арқылы топқа бөлінейік.

1-топ. қамырдан допты мүсіндейді.

Мақсат міндеттері:Қамырды үзіп алып, домалату арқылы допты мүсіндейді.

2-топ және 3-топ. Ермексаздан допты мүсіндейді.

Мақсат міндеттері: Ермексазды алып, домалату арқылы допты мүсіндейді.

Ермексаздан доптың қалай жасалатынын көрсетіп, түсіндіру:

1.Ермексазды таңдап аламыз

2.Ермексазды алақан арасына салып, айналмалы қимыл қозғалыстар жасай отырып, домалақтаймыз;

балалардың өз бетінше жұмысы.

ұрпақтан қажет жағдайда қиналып отырған балаға допты әшекейлеуге мүмкіндік беріледі.

Кіріспе ұйымдастыру

Балалар жұмыстарын қақпа алдына қою. Әр баланың жұмысына қошемет белгірін, малақтау.

Сергіту сәті: Ритмикалық әуенмен қозалыс жасату.

Қимылды ойын: Допқа талас.

Шарты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.

«Допты қағып ал» ойыны арқылы ұйымдастырылған іс-әрекетті қортындылау.

Балалар мен сендерге ойынның шартын түсіндіріп өтейін. Мен сұрақтар қойып допты сендерге лақтырамын. Ал сендер сұраққа жауап беріп, допты кері маған лақтырасыңдар.

-Балалар бүгін біз ермексаздан не жасадық?

-Доптың пішіні қандай?

Сендер доп жасаған ұнады ма?

Жарайсыңдар балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетімізді аяқтаймыз. Сендерге рақмет.

Күтілетін нәтиже:

Ермексаз кесектерінен бөліп алу домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін біледі.

Мүсіндейтін заттарды зерттейді

Қамырдың, ермексаздың қасиетін біледі.